

МЕКТЕБІМЕ САЯХАТ. Н ДЫБЫСЫ МЕН ӘРПІ

Бекенова Бақтыгүл Бейсенбаевна









Қызылорда қаласындағы №39 «Қызылөзек» орта мектебінің

бастауыш сынып мұғалімі

Пән: сурет ашу	Мектеп: №39 «Қызылөзек» орта мектебі
	Мұғалімнің аты-жөні: Бекенова Б.Б.
Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі: Менің мектебім	
Сынып: I	Қатысқандар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Мектебіме саяхат. Нн дыбысы мен әрпі
Осы сабақта көл жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	1.1.2.1 Мұғалімнің көмегімен мәтінде кім (не) туралы айтылғанын анықтау; 1.2.9.1 Әріпті таныу, ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру; 1.2.1.2 Оқудың түрлерін (буындап оқу, жиі кездесетін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу) қолдану; 1.1.8.1 Берілген сюжетті сурет бойынша шағын әңгіме құрап айту; 1.3.8.1 Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу.
Сабақтың мақсаты	Барлық білім алушылар үшін: Әріпті танып, дыбысты айта алады. Мұғалімнің көмегімен мәтіннің не туралы екенін айта алады. Сөз бен буынды ажырата алады. Жазу жолына әріп элементтерін жаза алады. Көптеген білім алушылар үшін: Нн әрпі мен дыбысын бір-бірінен ажырата алады. Сөздегі буын санын анықтап, сөйлем құрай алады. Сурет бойынша Кім? Не? сұрақтарына жауап береді. Жазу жолындағы жоларалық кеңістікті ажыратады. Кейбір білім алушылар үшін: Әріп пен дыбысты ажыратып, сәйкестендіріп оқиды. Жиі кездесетін сөздерді тұтас оқи алады және түсініп оқи алады. Берілген сурет бойынша негізгі ойды анықтап, әңгіме құрай алады. Жазу жолының жоғарғы және төменгі сызығына әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жаза алады.

Бағалау критерийі	<ul style="list-style-type: none"> • Тындалған мәтіннің кім/не туралы екенін анықтап, мәтіннің мазмұнын сурет арқылы көрсетеді; • Әріптерді танып, ажыратып, оны дыбыспен сәйкестендіріп оқиды. • Буындап немесе тұтас сөздермен түсініп оқиды. • Суреттерді сипаттап, реті бойынша әңгіме құрастырып айтады. • Әріп элементтерін дұрыс байланыстырып, сөздерді каллиграфиялық талаптарға сай жазады.
Құндылықтарға баулу	Оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту. қоғамдық-элеуметтік ортада тіл табысуға қабілетті жеке тұлғаны тәрбиелеу, жеке қасиеттердің дамуы «қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік», «құрмет», «ынтымақтастық», «еңбек пен шығармашылық», «ашықтық», «өмір бойы білім алу» сияқты білім берудің басты құндылықтарды оқушыларға дарыт.
Пәнаралық байланыс	Көркем еңбек – Нн дыбысы кездесетін заттардың суретін салды.
Тақырып бойынша алдыңғы білім	Әріп пен дыбысты ажыратады.

Сабақ барысы

Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар
Сабақтың басы	<p>Ұйымдастыру кезеңі: Ширату: «Қызыл қоржын» ойыны. Сыныпқа Негеш кейпінде бір оқушы кіріп, үстелдің үсіндегі қоржыннан айна, банан, нардың суреттерін алып, олардың заттың Неге? Не үшін? қажет екенін қалған оқушылардан сұрайды. Кері байланыс: «Дөппен лақтыру» әдісі - Негеш неге келді? - Негеш не білгісі келді? Топқа бөлу. Қоржыннан шыққан суреттер арқылы топқа бөлінеді. 1-топ Айна 2-топ Банан 3-топ Нар</p> <div style="display: flex; justify-content: space-around; align-items: center;">    </div>	 
Сабақтың ортасы	<p>ТА. Ұжымдық жұмыс: «Жұмбақ» ойыны. Жұмбақтың шешуін тауып, дыбыстық талдау жасайды. Аспанда бір айна бар, Әлемді көріп айналар. Жауабы: күн. Кері байланыс: «Ашық микрофон» әдісі. - Н дыбысы сөздердің қай жерінде кездесті? - Н дыбыс қандай дыбыс? МК. Бағалау: «Жарайсындар!» ТА. Топтық жұмыс «Галереяға саяхат» әдісі. (Топ мүшелері өзара сайланады. Капитан – топты басқарады. Стикер – баяндайды. Хатшы – кері байланыс береді. Уақыт сақшысы – уақытты белгілейді.)</p>	  

Үстел үстінде берілген суреттердің желісімен оқиға картасын құрастырып, әр топ «Нан қайдан келеді?» сұрағына әңгіме құрастырады.

1-топ Егістің піскенін әңгімелейді.

2-топ Бидайдан ұн жасалатынын әңгімелейді.

3-топ Ұннан нан пісетінін әңгімелейді.

Кері байланыс: «Серпілген сауал» әдісі.

- Бидайдан не жасалады?

- Ұннан не жасалады?

Бағалау. Топтар бірін-бірі бағдаршам арқылы бағалайды.



бағалау

Қызыл – мен ештеңе түсінбедім

Сары – маған әлі де түсініксіздеу

Жасыл – маған бәрі түсінікті

ТАО. Жұптық жұмыс «Айна» әдісі.

Н дыбысының баспа, жазба түрімен жұптасады.

Ішкі, сыртқы шеңбер құрады.

Ішкі шеңберге Н дыбысы кездесетін суреттер беріледі.

Сыртқы шеңбер сол сөздерді буынға бөліп, сол сөзден

Н дыбысы қай жерде кездесетінін табады.

Кері байланыс. «Ашық микрофон» әдісі.

- Н дыбысы сөздің қай жерлерінде кездеседі?

- Н дыбысы қандай дыбыс?

Бағалау: жұптар бір-бірін бас бармақ арқылы бағалайды.

ТАЖ. Жеке жұмыс «Сиқырлы қалам» әдісі.

Н дыбысының бас әріп, кіші әріптерін жазады.

Н дыбысын каллиграфиялық нормаларға сәйкес жазады.

Кері байланыс «Серпілген доп» әдісі.

- Н дыбысы неше элементтен тұрады?

- Н дыбысының бас әрпі мен кіші әрпінде қандай айырмашылық бар?

Бағалау: «Жарайсың»!

Сараланған тапсырмалар

Қабілеті жоғары оқушылар:

Көп нүктенің орнына әріптер қояды.



на...



а...на



...анан

Қабілеті төмен оқушылар:

Өлеңде не туралы екенін анықтайды.

Ей балалар, балалар,

Болмандар сірә, нанға тар.

Өмірдің алтын арқауы,

Бар қасиет нанда бар.


Қолдауды қажет ететін оқушылар:
 Тірек сөздер беріп, шағын әңгіме құрап, ішінен Нн дыбысын табады.
 Тағамның ең асылы – нан. Бүкіл тіршіліктің өзегі – нанды баршамыз қастерлеуге міндеттіміз.
Қалыптастырушы бағалау тапсырмасы
 Сөздерді оқиды және сәйкес суреттермен байланыстырып сызады.



Дескриптор: білім алушы
 Н дыбысы мен әрпі бар сөздерді таниды.
 Н дыбысы мен әрпін каллиграфиялық талаптарды сақтай отырып, жаза алады.
 Мәтіндегі негізгі ойды анықтай біледі.
 Топпен бірігіп, сұрақтарға жауап береді.

Сабақтың соңы

Рефлексия: «Неге? Неге?» ойыны.
 Оқушылар шеңбер бойымен тұрады. Негештің осы сабақта не үйренгенін айтады және соңғы сөйлемін «Неге?» деген сұрақпен аяқтайды. Келесі оқушы сол сұраққа жауап беріп, қасындағы оқушыға «неге?» деген сөзі бар сұраулы сөйлем айтады. Ойынның соңында оқушылар орындалған тапсырмаларды еске түсіріп, Н дыбысы кездесетін сөздерді айтады.
«Желкенді кеме» әдісі.
 Егер саған сабақ ұнаса және тапсырманың барлығын сәтті орындаған болсаң, желкенді жасыл түске боя;
 Егер сен сабақта белгілі бір қиындықты кездестірген болсаң, желкенді сары түске боя;
 Егер саған сабақ барысында тапсырмаларды орындау қиын болып, мұғалімнің көмегі қажет болса, желкенді қызыл түске боя.



Саралау – Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз басқаларға қарағанда қабілетті оқушыларға қандай тапсырмалар бересіз?
 Топтық, ұжымдық, жеке, жұптық жұмыстарда «Н» дыбысы мен әрпін ажыратып, әріпті дыбыспен сәйкестендіруде, дыбыстық талдау-жинақтау әдісін қолдана отырып, талдау тәсілі бойынша сөйлемнен сөзді, сөзден буынды, буыннан дыбысты бөліп алуда қолдау көрсеттім.

Бағалау –
 Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?
МК. Бағалау.
 «Жарайсындар», «Бас бармақ» әдісі бойынша бағалаймын. Бағдаршаммен бағалау.

Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау.
 Көрнекіліктерді дұрыс қолдану, партада дұрыс отыру.